

выполнять широкий спектр функций в обучении иностранному языку: от автоматизированного контроля знаний до формирования адаптивных образовательных траекторий, что значительно повышает эффективность усвоения материала.

Для студентов технических специальностей использование ИИ имеет особую значимость. Во-первых, оно позволяет интегрировать языковую подготовку с профессиональными дисциплинами, что способствует формированию комплексных компетенций. Во-вторых, интеллектуальные системы обеспечивают доступ к аутентичным источникам информации, моделируют реальную профессиональную среду и создают условия для межкультурной коммуникации. В-третьих, они способствуют развитию самостоятельности студентов и формированию навыков работы с современными цифровыми инструментами, которые востребованы в инженерной и научной деятельности.

Вместе с тем, необходимо учитывать и ряд ограничений. Среди них – недостаточная цифровая грамотность отдельных категорий обучающихся и преподавателей, необходимость защиты персональных данных при работе с онлайн-платформами, а также возможная зависимость студентов от автоматизированных систем. Эти вызовы требуют комплексного подхода, включающего методическую подготовку педагогов, разработку регламентов использования ИИ в образовательной среде и обеспечение доступности цифровых ресурсов.

Таким образом, можно сделать вывод, что искусственный интеллект является эффективным инструментом модернизации языковой подготовки студентов технических специальностей. Его внедрение способствует развитию профессионально-ориентированной иноязычной компетенции, повышению мотивации к обучению и формированию навыков, необходимых для успешной деятельности в условиях цифровой экономики. Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой методических моделей интеграции ИИ в учебные курсы, сравнительным анализом эффективности различных цифровых платформ, а также изучением влияния искусственного интеллекта на формирование критического мышления и исследовательских навыков обучающихся.

Список использованной литературы

1. Лалова Т.И., Симонова С.В. Использование искусственного интеллекта при обучении иностранному языку студентов инженерных специальностей // Современное педагогическое образование. – 2023. – №12. – С. 107–111. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-iskusstvennogo-intellekta-pri-obuchenii-inostrannomu-yazyku-studentov-inzheneryh-spetsialnostey>.

2. Салий В.В., Гузиева С.М. Искусственный интеллект в обучении иностранному языку: современные тенденции и перспективы развития // Вестник Академии знаний. – 2024. – №5 (64). – С. 363–367. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/iskusstvennyy-intellekt-v-obuchenii-studentov-inostrannomu-yazyku-sovremennyye-tendentsii-i-perspektivy-razvitiya>.

3. Кувшинова Е.Е. Применение искусственного интеллекта в обучении иностранному языку // Гуманитарий юга России. – 2024. – №2 (66). – С. 75–84. URL: <https://www.jour.fnisc.ru/index.php/hsr/article/download/10009/9761>.

4. Kaplan A., Haenlein M. Siri, Siri, in my hand: Who's the fairest in the land? On the interpretations, illustrations, and implications of artificial intelligence // Business Horizons. – 2019. – Vol. 62(1). – P. 15–25. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.bushor.2018.08.004>.

5. The Verge. Duolingo doubled its language courses thanks to AI. – 2025. URL: <https://www.theverge.com/news/658968/duolingo-language-courses-ai>.

6. Du J., Daniel B.K. Transforming language education: A systematic review of AI-powered chatbots for English as a foreign language speaking practice // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2024. – Vol. 6. – Article 100230. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100230>

ӘОЖ 373 (072)

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ

Е. А. БӨКЕТОВТЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Торбаева Г.Р., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

XXI ғасырдағы жаһандану үдерісі, цифрлық қоғамның дамуы, ақпарат ағынының ұлғаюы білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Қазіргі білім беру кеңістігі тек кәсіби дағдыларды меңгертумен шектелмей, жастардың рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің көрнекті өкілі, ғалым, ойшыл, қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бөкетовтың гуманитарлық мұрасы айрықша мәнге ие.

Е.А. Бөкетов (1925–1983ж.ж.) – белгілі ғалым-химик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, қоғам қайраткері. Ол ғылым саласында ірі жаңалықтар ашумен қатар, қоғамдық ой мен мәдениетке де зор үлес қосқан. Оның көзқарастары қазіргі білім беру кеңістігінің рухани-адамгершілік бағдарын айқындауда құнды бағыт болып табылады [1].

Е.А. Бөкетов – Қазақстандағы ғылымды дамытуға зор үлес қосқан тұлға. Ол тек жаратылыстану саласында ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық ой-пікірдің қалыптасуына ықпал еткен ағартушы болды. Оның еңбектерінде ғылымды адамзаттың рухани дамуы мен әлеуметтік әділеттілікпен ұштастыру мәселесі жиі көтеріледі.

Бөкетов үшін ғалымның миссиясы – тек зерттеу жүргізіп, жаңалық ашу емес, сонымен қатар қоғамның рухани дамуына үлес қосу. Осы ұстаным қазіргі білім беру парадигмасымен үндес: ғылым мен мәдениеттің тоғысуы тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қажет.

Е.А. Бөкетовтың гуманитарлық мұрасын бірнеше бағытта қарастыруға болады:

Адам тұлғасының тұтастығы. Е.А. Бөкетов үшін білім беру ісінің түпкі мақсаты тек кәсіби білікті маман даярлау ғана емес, ең алдымен, рухани бай, мәдениеті жоғары, жауапкершілікті азамат қалыптастыру болды. Оның ойынша, тұлғаның дамуында интеллект пен моральдық құндылықтар қатар жүруі қажет. Егер білім беру тек қана білім мен дағды беруге бағытталса, онда ол тұлғаның толыққанды қалыптасуын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан Бөкетовтың мұрасында адамның ішкі дүниесін байыту, эстетикалық талғамын тәрбиелеу, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелері басты назарда тұрды. Бұл идея қазіргі білім беру кеңістігіндегі «тұлғаға бағытталған оқыту», «құндылыққа негізделген педагогика» секілді жаңа бағыттармен үндес.

Ғылым мен өнердің бірлігі. Ғалым ғылым мен өнерді ешқашан бөліп-жармаған. Оның пікірінше, жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық білімнің арасындағы сабақтастық – қоғам дамуының негізі. Егер ғылым өнерден бөлініп, тек қана рационалдық бағытта дамыса, онда қоғамда рухани жұтандық орын алады. Керісінше, өнер ғылымсыз тек эстетикалық форма ретінде қалып қоймақ. Осы тұрғыдан алғанда, Е.А. Бөкетовтың ойлары қазіргі заманғы STEAM-білім беру (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) тұжырымдамасына жақын: ол да ғылым мен өнерді тоғыстыра отырып, шығармашылық тұлғаны дамытуға бағытталған. Бөкетов үшін ғылымдағы ізденіс те, өнердегі шабыт та – адамзат мәдениетінің тұтас көрінісі.

Қоғамдық жауапкершілік. Бөкетов мұрасындағы тағы бір маңызды бағыт – білімді адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі. Оның пайымдауынша, жоғары білім алған, рухани мәдениеті дамыған адам өз Отанының тағдырына бейжай қарамауы тиіс. Ғалым үшін «білімді болу» – тек кәсіби немесе академиялық жетістікке жету емес, сонымен бірге қоғамдық борышты сезіну, азаматтық ұстаным таныту. Бұл идея қазіргі таңда азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, еріктілік қозғалысын дамыту үдерістерімен тығыз байланысты.

Гуманизм мен әділеттілік құндылықтары. Е.А. Бөкетов педагогикалық және ғылыми қызметінде гуманизмді, әділеттілікті, адамгершілікті, еңбексүйгіштікті, достықты негізгі құндылықтар ретінде айқындады. Ол әділетті қоғам тек білімді де ізгілікті адамдардың күшімен құрылады деп сенді. Осы құндылықтарды білім беру мен тәрбиенің өзегіне айналдыру арқылы жастарды өмірге бейімдеуге, оларға әлеуметтік бағдар беруге болады. Бұл көзқарас қазіргі гуманитарлық ғылымдағы құндылықтық парадигмамен сәйкес келеді. Бүгінгі білім беру жүйесінде де жастардың бойында әділеттілік, толеранттылық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді қалыптастыру өзекті міндеттердің бірі [2].

Қазіргі қоғамда ғылыми-техникалық прогресс пен ақпараттық кеңістіктің дамуы жастардың дүниетанымына үлкен әсер етуде. Алайда бұл жағдай әрдайым оң нәтиже бере бермейді. Көптеген жастардың бойында рухани құндылықтарға қызығушылықтың төмендеуі, дәстүрлі мәдениеттен алшақтау сияқты үрдістер байқалады. Жаһандандудың ықпалы, әлеуметтік желілердегі виртуалды өмір салты жастарды рухани дамудан алыстатып, материалдық құндылықтарды бірінші орынға қоюына әкеліп соғуда. Бұл құбылыс қоғамдағы адами қарым-қатынастардың әлсіреуіне, жан дүниенің жұтаңдауына себеп болуы мүмкін. Сондықтан білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – жастарды рухани тұрғыдан тәрбиелеу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіру.

Соңғы жылдары білім беру көбінесе пайдакүнемдік, утилитарлық бағытта қарастырылып жүр. Яғни, білім – тек белгілі бір мамандықты иеленудің, табыс табудың құралы ретінде қабылдануда. Мұндай ұстаным жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, рухани дамуын шектейді. Білімнің басты мақсаты – адам тұлғасын жан-жақты дамыту екенін ескермеу, оны тек кәсіби дағдылар жиынтығына айналдыру қоғамның болашағына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар, қазіргі таңда техникалық және жаратылыстану бағытындағы пәндерге басымдық беріліп, гуманитарлық ғылымдардың беделі төмендеп келе жатыр. Әсіресе мектеп пен жоғары оқу орындарында әдебиет, тарих, өнер, философия, мәдениеттану пәндерінің маңыздылығы жиі екінші кезекке ысырылады. Мұндай үрдіс жастардың рухани ой-өрісін тарылтып, ұлттық және әлемдік мәдени мұраға қызығушылығын әлсіретеді. Шын мәнінде, гуманитарлық ғылымдар адамның ойлау мәдениетін, құндылық бағдарын қалыптастырып, оның тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндердің рөлін қайта көтеру, оларды адамгершілік пен азаматтық тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру – уақыт талабы.

Жаһандану – заманауи қоғам дамуының ажырамас бөлігі. Ол халықтар арасындағы мәдени, экономикалық және ақпараттық байланыстарды нығайтумен қатар, ұлттық мәдениеттердің жойылып кету қаупін де тудырып отыр. Әсіресе жастар арасында батыстық мәдени үлгілерді шамадан тыс қабылдау, тілдік ортаның өзгеруі, дәстүрге селқостық байқалады. Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – ұлттық мәдени мұраны сақтау, жас ұрпақтың бойында ұлттық сана мен рухани бірегейлікті қалыптастыру. Бұл ретте ұлттық тарихты, әдебиетті, өнерді оқытуды күшейту, оқу процесінде халықтық дәстүрлерді пайдалану маңызды [3].

Осы мәселелерді шешуде Е.А. Бөкетовтың гуманитарлық идеялары бағыт-бағдар бола алады.

Е.А. Бөкетов мұрасында жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, оның қабілеттері мен дарынын ашуға ерекше мән берілген. Ғалымның ойынша, білім беру тек қана кәсіби дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, ең алдымен адамның тұлғалық болмысын жетілдіруге бағытталуы қажет. Қазіргі педагогикалық парадигма да осы ұстанымға негізделіп отыр: оқушы немесе студент білім беру процесінің орталық тұлғасы болып табылады. Мұндай тәсіл әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан тұлғалық-бағдарланған білім – бүгінгі күні педагогикалық тәжірибенің маңызды қағидаты. Е.А. Бөкетов идеяларында ғылымдардың өзара байланысына ерекше көңіл бөлінеді. Ол жаратылыстану ғылымдары гуманитарлық біліммен үйлескенде ғана толыққанды нәтижеге қол жеткізуге болатынын атап көрсеткен. Мәселен,

техника мен өнердің, биология мен философияның, физика мен мәдениеттанудың тоғысуы жаңа білімдер мен жаңашыл ой-пікірлерді дүниеге әкеледі. Қазіргі таңда көпсалалы білім беру жүйесі дәл осы интегративті тәсілге сүйенеді. Мұндай көзқарас студенттерге әлемді тұтас қабылдауға, әртүрлі білім салаларының өзара ықпалдастығын түсінуге жағдай жасайды.

Е.А. Бөкетов ұсынған гуманизм, әділет, адалдық сияқты құндылықтар – бүгінгі жастарды тәрбиелеудің негізгі іргетасы. Білім тек ақпарат берумен шектелмей, адамның ішкі рухани дүниесін қалыптастыруға, қоғамға пайда келтіретін тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Құндылыққа негізделген педагогика – бұл жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді, жауапкершілікті, толеранттылықты қалыптастырудың тиімді жолы. Осы тұрғыдан алғанда, Бөкетовтің идеялары заманауи білім беру жүйесінде де өз маңызын жойған жоқ, қайта уақыт өткен сайын оның көкейкестілігі артып келеді [4].

Білім беру ұйымдарының, әсіресе университеттердің, қоғам алдындағы жауапкершілігі өте жоғары. Университет тек білім мен ғылым ордасы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік институт ретінде де қызмет атқарады. Бөкетов еңбектерінде осы әлеуметтік миссияға айрықша мән берілген: жоғары оқу орындары қоғамның мәдени, рухани, экономикалық дамуына үлес қосуы тиіс. Бүгінгі таңда университеттер аймақтық және ұлттық деңгейде қоғамдық-саяси өмірге, мәдениет пен ғылымды дамытуға белсене араласуы керек. Е.А. Бөкетовтің ғылыми және гуманитарлық мұралары қазіргі білім беру мазмұнын байыта түсетін маңызды қайнар көз болып табылады. Жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына ғылымның еңбектерін жүйелі енгізу студенттердің ғылыми көзқарасын кеңейтіп қана қоймай, оларды ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға негізделген білім алуға бағыттайды. Бұл тәсіл білім алушыларға отандық ғылым тарихының маңызын түсінуге, Бөкетов идеяларының заманауи педагогикалық процестермен үндестігін көруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта білім беру саласында ғылыми-мәдени жобалардың орны ерекше. Университеттерде дәстүрлі түрде өткізілетін «Е.А. Бөкетов оқулары» студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми шығармашылығын дамытуға зор ықпал етеді. Мұндай жобаларды кеңейту арқылы Е.А. Бөкетов идеяларын жаңа қырынан танытып, жастардың ғылыми-зерттеу ісіне қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен қатар, бұл жобалар аймақтық және халықаралық деңгейде қазақ ғылымын насихаттаудың тиімді алаңы бола алады [5].

Бүгінгі таңда педагогикалық пәндер көбіне әдістемелік және технологиялық сипатқа көбірек мән береді. Алайда Е. Бөкетов еңбектерінде баса көрсетілгендей, білім беру ең алдымен тұлғаның рухани дамуын көздеуі тиіс. Сондықтан педагогикалық пәндер мазмұнына гуманитарлық бағдарларды күшейту – болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды жолы. Бұл студенттерге білім беру мен тәрбиелеу процесінде гуманизм, әділеттілік, адамгершілік қағидаттарын басты орынға қоюға үйретеді.

Жас зерттеушілердің ғылыми ізденістерін ұлттық негізде құру аса маңызды. Студенттік ғылыми-зерттеу жобаларында Е. Бөкетовтің еңбектеріне сүйену жастардың ұлттық болмысқа жақындығын арттырып қана қоймай, олардың зерттеу мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Ғалымның гуманитарлық мұрасы қазіргі ғылыми ізденістерге теориялық іргетас бола алады. Бұл бағыт студенттердің өзекті мәселелерді тарихи-мәдени тұрғыдан қарастыруына мүмкіндік береді.

Е.А. Бөкетов еңбектерінің басты идеяларының бірі – жеке тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігі. Бүгінгі таңда жастарды азаматтық белсенділікке, әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу аса өзекті міндеттердің бірі болып отыр. Университеттегі тәрбие жұмыстары барысында Бөкетовтің көзқарастарын пайдалану арқылы студенттердің елжандылық, әділеттілік, адалдық сияқты қасиеттерін дамытуға болады. Бұл олардың кәсіби ғана емес, азаматтық тұрғыдан да қалыптасуына ықпал етеді.

Евней Арыстанұлы Бөкетов – тек көрнекті ғалым-химик емес, сонымен қатар терең гуманитарлық ойшыл, қоғамның рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Оның ғылыми ізденістері мен публицистикалық еңбектерінде тек жаратылыстану ғылымдарының мәселелері ғана емес, сонымен бірге адамзаттың моральдық-этикалық құндылықтары, рухани мәдениеттің мәні, жеке тұлғаның қоғамдағы орны туралы ой-толғаныстары айқын көрініс тапты [6].

Бөкетов мұрасы – ғылым мен өнердің, жаратылыстану мен гуманитарлық білімнің синтезін жүзеге асыруға бағытталған құнды көзқарастар жиынтығы. Ол білімнің басты мақсаты – кәсіби дағдыларды игерген маман даярлау ғана емес, сонымен қатар рухани бай, мәдениеті жоғары, әділеттілік пен жауапкершілікті ту еткен толыққанды азамат қалыптастыру деп санады. Бұл идеялар қазіргі білім беру жүйесінде өзектілігін арттырып отыр.

Қорыта келгенде, Е.А. Бөкетовтың гуманитарлық бағдарларын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу – тек ғылым мен мәдениеттің дамуына үлес қосу ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани жаңғыруына ықпал ететін маңызды қадам. Оның идеялары болашақ ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда, жас ұрпақты әділеттілікке, гуманизмге, отансүйгіштікке баулуда өзінің өміршендігін сақтайды. Бөкетовтың мұрасы – уақыт сынынан өткен құндылықтар жиынтығы, ал оны қазіргі білім беру кеңістігінде қолдану – Қазақстанның интеллектуалды және рухани әлеуетін арттырудың сенімді жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://el.kz/content-13329_8469/https://el.kz/content-13329_8469/
2. Бөкетов Е.А. Ғылым және қоғам туралы ойлар. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1981.
3. Нұрғалиев Р.Е. Е.А. Бөкетов – ғалым және гуманист. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Қалиев С. Қазақ гуманистік ой-пікірінің тарихы. – Алматы: Рауан, 2012.
5. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы
6. UNESCO. Rethinking Education: Towards a global common good? – Paris: UNESCO, 2015.